# I тоқсан бойынша атқарылған тәрбие жұмысының есебі

Тәрбие жұмысы бойынша атқарылған іс-шаралар бекітілген жылдық жоспар негізінде іске асырылды. Сегіз бағыт бойынша іс-шаралар өткізілді.

1-қыркүйек - Білім күні «Бірінші рет бірінші сыныпқа » – 1 сыныпқа арналған алғашқы қоңырау салтанаты өткізілді. Салтанатты жиынға мектеп оқушылар мен ұстаздар және ата-аналар қатысты. Жиын мектептің алдында өткізілді. Биыл бірінші сынып табалдырығын 19 оқушы аттады. Оның 4 оқушысы орыс сыныбынан. Оқушылар тақпақ айтты, флешмоб биледі. Мектеп басшысы мектеп табалдырығын жаңа аттап жатқан бүлдіршіндерге құттықтау сөзін айтып, оқушыларды жаға оқу жылымен құттықтай келе, ауданнан келген мадақтамамен мұғалімдерді марапаттады.
2022-2023 оқу жылының басталуына арналған 1 қыркүйек Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында өткізілетін бірыңғай сынып сағаты. Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылады.
Өткізу ұзақтығы жарты сағат.
Сынып сағатының негізгі мақсаты: Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.



«Белсенді өмір – жүз жастық ғұмыр!» атты денсаулық күніне орай өткізілген іс-шара өтті.

Іс-шараның мақсаты: жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру,денесін шыдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, әдемі болуға тәрбиелеу.

Мектептегі барлық оқушылар белсене ат салысты. Дене шынықтыру мұғалімдері оқушыларға түрлі спорттық ойындар ойнатты. Арнайы

спорттық бағдарлама құрылып, сол бойынша жұмыс атқарылды.





Мектеп оқушылары мен қызметкерлері жаппай мектепшілік сенбілікке шықты. Мектеп маңайын жапырақтан тазалады. Барлығы белсене қатысты. Әрбір бейсенбі күні бекітілген график бойынша таза бейсенбігне екі сыныптан шықты.

Қазан айының басында «Қарттарым аман-есен жүріндерші!» атты мектеп оқушылары дайындаған мерекелік концерт өткізілді. Концертке еңбек ардагерлері мен ауыл қарттары арнайы шақыртылды.



Қазан айының алғашқы аптасында «Ұстаз-ұлағатты есім» атты ұстаздар күніне арналған мерекелік концерт өткізілді. 11-10 сынып оқушылар дублер болды. Сабақ кестесі мен мектеп әкімшілігі құрылды. Әр сыныпқа 3 сабақтан өткізілді. Жас мұғалімдер тренинг сабақтар өткізді.





Ұстаздардан құралған құрама команда аудандық волейбол жарысына барып, жүөледі 1 орын алып келді.



Сонымен қоса ауданда өткен асық атудан мектеп құрама командасы жүлделі III орынға ие болды.



**Аудандық дебаттық пікір-сайыс турнирі 2 орын** иеленсе **Тенелген А «Үздік спикер» аталымымен марапатталды**



Мектепшілк бақылау негізінде оқушылардың жеке іс-қағаздары мен күнделіктері жиі тексеріліп отырады. Қыркүйектің басынан бастап кезекші сынып графигі бекітілген. Таңертең ерте келген кезекші сынып кешіккен оқушыларды жазып,асханада кезекшілік атқарады. Екі аптада бір рет мектепте рейд жүріледі. Оқушының сырткы келбеті мен сабакты себепсіз босаткан оқушылар басты назарда ұсталады.

ТІО: Құандық .С

# Тәрбие жұмысы бойынша II тоқсандағы атқарылған жұмыстардың есебі

«Бала құқығы-адам құқығы» айлығының жоспары негізінде мектепшілік

«Бақытты ана-бақытты бала-бақытты отбасы –бақытты ел» ата-аналар жиналысы өткізілді. Арнай график бойынша бекітілген жиналысқа ата-аналар мен мұғалісдер белсене ат салысты. Сұрақтар қойылды, мәселелер тыңдалды.



«Детство без жестокости и насилия» акциясына қатысқан мектептің өзі-өзі басқару ұйымының жұмысы республикалық байқаудан жүлделі III орынға ие болды.



«Бала құқығы конвенциясы» туралы барлық сынып жетекшілер сынып сағаттары өткізді.тәрбие жұмысының жылдық жоспары негізінде жоспарланған мектепшілік «Жайдарман»көнілді тапқырлар клубының жұмысы жалғасын тапты. «Балалар жылы»орай 5-10 сыныптар арасында құрама топтан құралған КТА ойыны өткізілді. Барлығы 6 команда қатысты. Ойын жоғарғы деңгейде өтті, барлық қатысушылар мадақтама мен түрлі тәтті сыйлықтармен марапатталды.



Бағзи Мәдине «Әлем әнмен ажарлы» атты облыстық жас әншілер байқауына қатысып, алғыс хатпен марапатталып келді.

15 қараша Ұлттық валюта күніне орай сынып сағаты өткізілді, аталған сынып сағаты видеоға жазылып ютуб желісіне салынды.



22 қарашада өткен сайлауға барлық ұжым белсене қатысып, өз дауыстарын берді.  Тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша бекітілген жоспар негізінде әр ай сайын сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізіп отырды. Барлық өткізілген сынып сағаттар әлеуметтік желіге алынды. 1 желтоқсан бүкіл әлемдік СПИД –ке  қарсы күрес күні атты акцияны мектеп медбикесі мен тәлімгері өткізді. Оқушыларға СПидке байланысты көп ақпарат берді.



Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған аудандық «Бояулар құпиясы» атты байқауға қатысқан Тенелген Нұрсауле 2 орын, Еркебұланқызы Алуа 3 орын алды.




Волейболдан ашық турнирге қатысқан мектептің жас ұстаздары  жүлделі 2 орынға ие болды.



Көкшетау қаласында V облыстық жас педагогтар форумы өтті.

Мектеп психологы Ерболат Шагуан Ақмола облысы білім басқармасы басшысының м.а В.Г. Гамазовтың қатысуымен «Болашақ сарайы» алаңында «Білімді жастар- жарқын болашақ» V облыстық жас педагогтар форумына қатысып,жүлделі І орынға ие болды.



Тәуелсіздік күніне орай мектеп оқушылары арасында шахматтан сайыс ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды.



Ауданда ұйымдастырылған «Ақ шағала» би байқауына барған «Би әлемі» ұжымы жүлделі 3 орынға ие болды.



Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік тұғырым» атты 2-8 сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Барлық қатысушылар жаттаған өлеңдерін оқыды. Арнайы ережеге сәйкес мадақтамамен марапатталды.



«Тәуелсіз елім -Қазақстан» атты 6-11 сынып арасында театрланған қойылым өтті. Ашаршылық, Ұлы отан соғысы, Желтоқсан оқиғасы сәттерінен қойылымдар қойылып көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.



Мектептің жас ұстаздар қауымы тәуелсіздік күніне байланысты құттықтау жолдап, «Желтоқсан желі» әнін айтып, челлендж жолдалды.



Желтоқсанның 12-19 аралығында «Көлемді жаңа жылдық ойыншықтар» байқауы ұйымдастырылды, бұл байқауға тек 0-4 сыныптар қатыса алды. Арнайы комиссия мүшелері тағайындалып, жасалған жұмыстар бағаланды.



Бас жүлде – 1 б сыныбы , сынып жетекшісі Смусенко Е.Я



I орын – 2 б сыныбы , сынып жетекшісі Оспанова Д.М



II орын- 3 а  сыныбы, сынып жетекшісі Омарова С.Е



III орын – 3 б сыныбы, сынып жетекшісі Гелисханова Н.С



III орын- 4 Б сыныбы, сынып жетекшісі Мухамеджанова С.К



0 А сыныбы мен 4 А сыныбы қатысқаны үшін марапатталды



.1 сыныптарға «Қош бол,әліппем» атты ертеңгіліктер өткізілді. 1 сынып оқушылары тақпақ айтты, ән салды, би биледі өздерін барлық қырынан таныта білді.






Ауданда өткен қазақша күрес ашық турнирінен 6 сынып оқушылары Хуандық Ақжол 2 орын, Асылбек Ибраһим 3 орынға ие болды.



Жаңа жыл мерекесіне орай өткізілген «Үздік жаңа жылдық есіктер» байқауына барлық сыныптар белсене қатысты , арнайы құрылған комиссия мүшелері төмендегідей қорытынды жасады: ең үздік есіктерге бастауыштсыныптар арасынан 1-3 «Б» сыныбы, орта буыннан 5 «Б» сыныбы, жоғарғы сыныптардан 8 «А» сыныбы.



29 желтоқсан күні барлық сыныптарда жаңа жылдық іс-шара өткізілді. Барлық сыныптар жақсы қатысты, персонаждар да өз рөлдерін жоғарғы деңгейде алып шықты. Оқушылар аяз атадан тәтті сыйлықтар алып, соңы би кешімен аякталды.



ПО: Қуандық. С

**Тәрбие жұмысының 4 тоқсан бойынша атқарылған іс-шара есебі**

Сәуір айында құстар күніне орай оқуға құштар мектеп акциясы аясында «Құстар –біздің досымыз» тақырыбында іс-шара өткізілді.



Тәрбие жұмысының жылдық жоспары негізінде «Жас жол сақшысы» атты 3 сыныптар арасында байқау ұйымдастырылды.



Кітапхана апталығы аясында «Кітап -асыл қазына» үлкен кітаптар көрмесі өтті.



Жемқорлыққа қарсы  сурет байқауына да барлық мектеп оқушылары белсене қатысты.



12 сәуір ғарышкерлер күніне арналған « Покорители Вселенной» бастауыш сыныптар арасында ашық тәрбие сағаты өтті.



Аудандық «Бақытты балалық шақ» атты ән фестиваліне қатысып, Елешқызы Нұреке 2 орын, Ерболқызы Айзада 3 орын, Ержан Жансая 3 орын, Советхан Ерасыл қатысқаны үшін марапатталды.



Қорқыту және кибербуллинг тақырыбында 8-10 сыныптар арасында тренинг өтті.



Сәуірдің 20сы «Бұл жер менікі және сенікі» аудандық турнир өтті , біздің мектеп оқушылар 3 орын алды.





24 сәуір күні «Балалар ортасындағы қорқыту психикалық күйзеліске әкелетін білім алушылардың өміріндегі елеулі өзгерістер рөлінде » атты жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.





Отбасылық тәрбие жоспары негізінде 2 а сыныбында «Отбасым мақтанышым»тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.









9 мамыр Жеңіс күні карсаңында жеңіс лентасы акциясы өтті.



Жеңіс күні мерекесіне арналған жаппай сынып сағаттары өтті. 13 мамыр мектеп ұжмы мен оқушылары мектеп ауласында көшеттер отырғызды.



17 мамыр Республикалық бірінғай «Жасұлан» мен «Жасқыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына оқушылардың ант беру мен қабылдау рәсімі өтті.



Аудандық «Жас құтқарушылар» байқауына 8-10 сынып оқушылары қатысып келді.





Тоғызқұмалақтан аудандық жарсыта 7-8 сынып оқушылар I орынға ие леніп, обысқа барып белсене қатысқаны үшін марапатталып келді.



«Біз кибербуллингке карсымыз» деген такырыппен мектепішілік флешмоб өтті.



17 мамырда Астана каласында өткен «»Білімді ұрпак –Білімді ел білімконференциясына 3 а сынып окушысы Улатай Ислам мен 6 б сынып окушысы Хутеев Амир мектеп басшысымен және информатика пәні мұғалімімен катысып келді.



Қазакша күрес аудандык ашык турнирге катысып, жүлделі 1 орын Хуандых Акжол , Асылбек Ибрахим , Еркінбаі Ерәлі, Елшинбай Зангар 3 орын. Республикалык турнирде 70кг салмак дәрежесімен бак сынаскан 9 сынып окушысы Сейтхан Ерсолтан III орын иеленді





Тіл: Хуандық С